

## Ғылым қорының кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 қыркүйек N 1048. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.30. N 113 қаулысымен.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ғылым қоры туралы ереже бекітілсін.

2. Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Ғылым қорының қаржылық активтерін жинақтау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шотын ашсын.

3. "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ғылым қоры туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 наурыздағы N 218 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 8, 100-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 24 қыркүйектегі

N 1048 қаулысымен

бекітілген

**Ғылым қоры туралы**

**ереже**

Осы Ереже "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және Ғылым қорын (бұдан әрі - Қор) қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және басқару мәселелерін реттейді.

### **1. Анықтамалар**

Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Қор - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне жинақталатын қаржылық активтердің жиынтығы.

Уәкілетті орган - ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ұлттық ғылым академиясы - "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қор Кеңесі - осы Ережеде көзделген тәртіппен құрылатын Қор қаражатын басқарудың жоғары органы.

Грант туралы келісім - Ұлттық ғылым академиясы мен грант алушы арасында жасалатын келісім.

Грант алушы - осы Ережеде көзделген және Қор Кеңесінің шешіміне сәйкес Қор қаражатынан қаржыландырылатын жобалар мен іс-шараларды іске асырушы тұлға.

## **2. Жалпы ережелер**

1. Қор республикалық бюджеттен Қорға түскен қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулерді грант түрінде мақсатты қаржыландыру үшін пайдаланылады.

2. Қорды басқару мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді уәкілетті органмен келісе отырып, Ұлттық ғылым академиясы жүзеге асырады.

## **3. Қорды қалыптастыру көздері**

3. Қор мынадай түсімдердің есебінен қалыптасады:

- 1) ғылымға көзделген республикалық бюджеттің қаражаты есебінен;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістерден.

## **4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қор қаражатын басқару аясындағы құзыреті**

4. Үкімет Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде айқындалған тәртіппен Қорды қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

## **5. Уәкілетті органның Қор қаражатын басқару аясындағы құзыреті**

5. Уәкілетті орган:

1) Қордан қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелді зерттеулердің бағдарламаларын бекітеді;

2) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қор қаражатын пайдалану нәтижелері туралы есепті ұсынады;

3) Қордың сыртқы аудитін жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) белгіленген тәртіппен бекітілген іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер бағдарламаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады ;

5) Грант туралы келісімнің үлгілік нысанын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **6. Ұлттық ғылым академиясының Қор қаражатын басқару аясындағы құзыреті**

### **6. Ұлттық ғылым академиясы:**

- 1) Қор қаражатын басқаруды жүзеге асырады;
- 2) уәкілетті орган бекіткен іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер бағдарламалары шеңберінде Қордан қаржыландырылатын ғылыми зерттеулер жобаларының бағыттары мен құрылымын айқындайды;
- 3) Қор Кеңесі құрамын қалыптастыру мен өзгерту, соның ішінде Қор Кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін шешеді;
- 4) Қорды басқару мәселелері бойынша Қор Кеңесі үшін міндетті тапсырмалар б е р е д і ;
- 5) Қор қаражатынан қаржыландырылуға өтініш білдірілген жобаларды іріктеу, бағалау және олардың мониторингі жөніндегі іс-шараларға әдістемелік басшылықты, оларды үйлестіруді жүзеге асырады;
- 6) Грант туралы келісім жасасады;
- 7) Қор қаражатының пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 8) жыл сайын уәкілетті органға Қор қаражатын басқару нәтижелері туралы е с е п б е р е д і ;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Ұлттық ғылым академиясының Жарғысына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **7. Қор Кеңесінің құрамы мен функциялары**

7. Қор қаражатын басқару жөніндегі Ұлттық ғылым академиясының өкілеттіктерін іске асыру мақсатында Ұлттық ғылым академиясы құрамы 9 адамнан тұратын Қор Кеңесін құрады.

8. Қор Кеңесінің жұмысына Ұлттық ғылым академиясы тағайындаған төраға басшылық етеді. Қор Кеңесінің отырысы, егер оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқанда, заңды болып саналады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қор Кеңесінің отырыстары ашық өтеді және хаттамалармен ресімделеді.

### **9. Қор Кеңесі:**

- 1) осы Ережеде көзделген тәртіппен Қор қаражатын тікелей басқаруды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 2) Қор қаражатын пайдалану туралы шешімдер қабылдайды;
- 3) жыл сайын Ұлттық ғылым академиясына Қордан қаржыландырылатын орындалған ғылыми зерттеулер, жобалар мен іс-шаралар, қаржыландыру жоспарының орындалуы және Қорға түскен түсімдер мен Қорды басқаруға байланысты өзге де мәліметтер туралы есептер береді;
- 4) Ұлттық ғылым академиясына Қорды басқару және пайдалану мәселелері



б) зерттеулердің ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің болуы;

7) сұраныс жасалған қаржыландырудың негізділігі.

15. Қорға түскен қаражат есебінен қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер жобаларын конкурстық іріктеу, осы жобаларға міндетті түрде мемлекеттік ғылыми-техникалық, сараптама жүргізе отырып жүзеге асырылады.

16. Конкурстық іріктеу өткізу мақсатында Қор Кеңесі Ұлттық ғылым академиясының, уәкілетті органның қызметкерлерін, тәуелсіз консультанттар мен сарапшылар тартуға құқылы.

17. Қорға түскен қаражат есебінен қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер жобаларының конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша шешімді Қор Кеңесі қабылдайды және хаттама түрінде ресімделеді.

18. Осы Ережеде көзделген тәртіппен конкурстық іріктеуден өткен Қорға республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер жобалары бойынша Ұлттық ғылым академиясы мен грант алушы арасында грант туралы келісім жасалады.

19. Грант туралы келісімде міндетті түрде грантты пайдалану мақсаттары мен оның шарттары, грант алушының Қор Кеңесіне ғылыми зерттеулердің орындалу барысы, олардың нәтижелері, грантты пайдалану тәртібі және Грант туралы үлгілік келісімнің өзге де негізгі шарттары туралы есептерді беру міндеті көзделуі тиіс.

Грант алушы тоқсан сайын Қор Кеңесіне Қордан қаржыландырылатын іске асырылатын жоба немесе іс-шаралар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей есеп береді.

## **9. Қорды қалыптастыру мен пайдалану туралы есептілік**

20. Қор қаражатын есептеуді Ұлттық ғылым академиясы жүзеге асырады.

21. Ұлттық ғылым академиясы жыл сайын уәкілетті органға Қорды басқару нәтижелері туралы есепті ұсынады.

22. Қорды қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есеп мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) есепті кезеңдегі Қор қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы;
- 2) жобалар мен іс-шаралардың тізбесі және олардың есепті кезеңдегі қысқаша нәтижелері;
- 3) өзге де қажетті мәліметтер.

23. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есептер белгіленген тәртіппен Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтында мемлекеттік тіркеуден өтеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК